Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт

22 тамыз сейсенбі
№66 (1973)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНБЫЗ БА?

Санаулы күндерден соң кезекті жаңа оқу жылы басталады. Жаңа оқу жылына мектептердің дайындығы қандай? Оқушылар мен ұстаздар керекті құралдар-жабдықтармен қамтылған ба? Осы және білім саласына қатысты басқа да өзекті мәселелер жайлы облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бағдат Бердәулетов пен білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Ғалия Даулетова бұқаралық ақпарат құралдарына баспасөз мәслихатын өткізді.

Бағдат Бердәулетовтің айтуынша, аймақта жаңа оқу жылында 180 мың оқушы білім алады деп жоспарлануда. Бүгінге дейін бірінші сыныпқа 17 543 бала қабылданған. Педагогтар саны – 23 086.

– Жаңа оқу жылы қарсаңында көмекке мұқтаж 37 087 баланы бір реттік қаржылай көмекпен қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттен 1,3 млрд теңге бөлінді. «Мектепке жол» акциясы аясында демеушілер көмек беруде.

2 БЕТТЕ

ЖЕМҚОРЛАР ҚАРЖЫСЫ ЖҰМСАЛАТЫН ЖЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында жемқорлардың қаржысы мектеп құрылысына жұмсалуға тиістігін айтқан болатын. Президент 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасап, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешу керектігін атап өтті.

– Жалпы мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек. Жемқорлар сотталғанда, олардың заңсыз тапқан қаржысы мемлекетке өтіп, түгелдей мектеп құрылысына жұмсалуға тиіс. Үкімет осы бастаманы заң тұрғысынан рәсімдеу туралы шешім қабылдауы керек, – деді Қазақстан Президенті.

Негізі заңсыз иеленген активтерді мемлекетке қайтару үдерісі басталғаннан кейін жемқорлардан қайтарылған қаражатты жинақтайтын арнайы қор құрылған болатын. Ескендір Зұлқарнайдың Egemen.kz-те жарық көрген «Қайтқан қаржының қайыры» атты материалында өткен жылдың желтоқсан айынан бері қорға 151,6 миллиард теңге түскені туралы дерек келтірілген.

Үкіметтің баспасөз қызметі берген мәліметке сүйенсек, бұл қаражат мектептер құрылысына жұмсалып жатыр. Яғни Президент тапсырмасы жүзеге асып жатыр деген сөз. Қолда бар деректерге қарағанда, Астана, Алматы, Шымкент қалаларында 76 мың орынға шақталған (екі ауысымдық) 62 мектеп құрылысы қаржыландырылған.

А.БЕК

Еліміздің қаржы министрлігі «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасын ұсынды. Құжатта 2024 жылы орташа жалақы мен зейнетақы қанша болатыны көрсетілген. Бұйрық жобасы «Ашық НҚА» порталында жарияланған.

2024: орташа жалақы мөлшері ұсынылды

Бұл жобаға сәйкес, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы (МВт) – 70 000 теңге болса, айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 3692 теңгені құрамақ. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 28 215 теңге болса, ең төменгі зейнетақы – 57 853 теңге көлемінде ұсынылып отыр. Базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейі – 43 407 теңге болмақ. Сондай-ақ жасы бойынша және еңбек өтілі бойынша зейнетақы төлемдерін 9%-ға арттыру көзделген.

МӘМС төлеуге жататын міндетті медициналық сақтандыруға мемлекет жарналарының мөлшері мемлекеттік жарналарды есептеу объектісінің 1,9%-ы болады.

Әскери қызметкерлерге (шұғыл әскери қызметкерлерді қоспағанда) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық төлемдерді төлеуге арналған ақшалай өтемақы мөлшері өзгермейді және 3 739 теңге болады.

Республикалық БАҚ-тарда жарияланған ақпаратқа сүйенсек, заң жобасы осы жылдың 4 қыркүйегіне дейін қоғамдық талқылауда болады.

А.АҚЫЛБЕК

ЖҮЙРІКТЕР СЫНҒА ТҮСКЕН СӘТ

3 БЕТТЕ

ОЙЫНШЫҚТЫ ДА ОЙЛАНЫП АЛЫҢЫЗ

4 БЕТТЕ

Білім сапасына көңіл тола ма?

«Жаз жайнатып, күн күлдірген» үш ай каникул да аяқталып, жаңа оқу жылына дайындық қыза түсуде. Бүгінде мектепке дайындалып, базар жағалаған, одан қалды мектеп таңдаған ата-ана аз емес. Жақында «Ranking kz» сайты еліміздегі білім беру қызметінің сапасы қаншалықты екенін бағамдау үшін сауалнама жүргізіпті. Бір қуанарлығы, елдегі білім беру сапасына қанағаттанатындар саны арта түскен.

Мәселен, мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттанғандардың үлесі бір жылда 2022 жылғы 48,4%-дан 2023 жылы 49,4%-ға, орта жалпы білім беруде – 49,2%-дан 50,3%-ға, орта-арнайы білім беруде – 43,7%-дан 46%-ға, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімде – 42,1%-дан 44,9%-ға дейін өсті.

2 БЕТТЕ

THE WALL STREET JOURNAL.

ҚЫТАЙДА ЖҰМЫССЫЗДЫҚ АРТҚАН

Экономикалық әлеуетін арттырған Қытайдың олқылығы жоқтай көрінетіні рас. Себебі, «аспанасты елінде» ғаламдық кәсіпорындардың басым бөлігі орналасқан, кәсіпке мүмкіндік мол, жұмыс күшіне сұраныс жетерлік. Дегенмен, саяси ахуал салдары осы мінсіз тізбекті сетінеткендей. Олай дейтінміз, соңғы уақытта Қытай жастарының жұмыссыздық көрсеткіші едәуір артқан. Тіпті ел үкіметі бұл бағыттағы статистиканы жариялауды да тоқтатты. Бұған қарап жағдай ушыға түскенін сезуге болады.

Иә, әлемдік БАҚ-тың өткен аптадағы басты тақырыбы Қытай жастарының жұмыссыздық деңгейіне арналды. Қолда бар дереккөз бен ресми мекемелердің мәліметтері желіні шулатқаны белгілі. Солардың ішінде «The Wall Street Journal» басылымының сенбілік санына ерекше тоқталу жөн секілді. Әсіресе, басылым тілшісі Джейсон Дуглас «Қытай деректерді жасыруда» деген атаумен мақала әзірледі. Онда жұмыссыздық туралы соңғы көрсеткіш, шенеуніктер пікірі қамтылған.

«Жуырда Қытайдың Ұлттық статистика бюросы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі туралы ақпаратты жариялауды тоқтататынын мәлімдеді. Мұның алдында ғана аталған көрсеткіш рекордтық деңгейге жеткен болатын. Жастар арасындағы жұмыссыздық тоқтаусыз өсіп, 7 ай бойы ауыздықсыз келеді. Мәселен, биыл 16-24 жас аралығындағы қала жастарының жұмыссыздық деңгейі 21,3 процентке жетті. Соңғы 4 жыл ішінде жұмыссыздық деңгейі екі есеге жеткен болатын. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Есте болса, қаңтар айында статистика 17,3 процент еді. Ал шілде айының көрсеткіші одан да жоғары болуы ықтимал. Дегенмен Үкімет тиісті есепті жариялаудан қашқақтауда», – дейді мақала авторы.

Автор құр болжам мен ел арасындағы деректі ғана келтіріп қоймай, бюро басшысы Фу Линхуэйдің пікірін де қосыпты. Онда жастардың жұмыссыздық деңгейі туралы жасыру экономикалық және қоғамдық өзгеріс үшін қажет деп көрсетілген. Саясаткерлердің пікірінше, бұл – кемшілікті жасыру жолы. Есте болса, бұған дейін пандемия кезінде ҚХР қаза болғандардың дерегін жасыратын. Әскери техника, технологиялық көрсеткіш те аратұра күңгірт-тін. Алайда экономикалық, әлеуметтік көрсеткішті жасыру алғаш кездесуде. Бұл инвесторлардың экономика алпауытына деген сенім лимитіне әсер етуі мүмкін.

«Бұл бағытта түсініксіз әрекет көп. Мысалы, жақында Қытай Орталық банкі екі процентті ставканы түсірді. Бұған өткен айдағы тұтынушылар шығыны мен кәсіпкерлердің табысының азайғаны себеп болған. Өндіріс саласында да өнім деңгейі төмендеп, экономикалық қиындық сезіледі.

Жалпы ахуалдың бұлай құбылуы елдегі еңбекке жарамды азаматтардың санына, демографиялық дерекке байланысты секілді. Мәселен, Фу Линхуэйдің өзі ҚХР-да 16 мен 24 жас аралығындағы жастар саны 96 миллион деп айтқан. Олардың басым бөлігі студенттер екен. Бюро басшысының өз сөзіне салсақ, «студенттердің басты міндеті – оқу. Ал оларды жұмысқа қабілетті жастардың қатарына қосу керек пе, жоқ па, ол жағы әлі белгісіз». Оған қоса шенеуніктер жастардың жұмыссыздық мәселесін шешуге бағытталған жоба әзірлеуде. ҚХР экономикасының үздіксіз жұмыс істеуі үшін тиісті шара қолданылатынын жеткізді», – дейді Джейсон Дуглас.

4 БЕТТЕ

ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНБЫЗ БА?

Науқан аясында 1754 балаға қаржылай көмек, 3156 балаға оқу құралы, 485 балаға мектеп формасы, 196 балаға аяқ киім алынды. «Самұрық-Қазына» қоры 1 сыныпқа баратын 1830 оқушыға сөмке мен мектеп құралдарын табыс етті. Мұнан өзге, «Ел-арай» қоры 500-ден астам балаға көмек бермек. Бүгінде аз қамтылған отбасынан шыққан 2000- нан астам баланың мәселесін шешуге жұмыс жасап жатырмыз.

Барлық білім беру ұйымдары қажетті санитарлық-гигиеналық затпен қамтамасыз етілді. Оқулық және оқу-әдістемелік құралына жергілікті бюджеттен 1,2 млрд теңге бөлініп, 412029 дана оқулық алынды. Бұған қоса, 25 тамызға дейін тасымалдау-тарату жұмысы толық аяқталады. Мектептер толықтай интернет желісімен қамтамасыз етілді. Осы жылдың қаңтар айынан 1-4 сыныпта оқитын 70173 және әлеуметтік осал отбасынан шыққан 5-11 сыныптағы 16777 оқушы ыстық тамақпен қамтылды, – деді Бағдат Камбозұлы.

Ал білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Ғалия Дәулетованың айтуынша, департамент қызметкерлері білім ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындығын тексеру мақсатында мониторинг жүргізген. Нақтырақ айтқанда, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмысы, дабыл түймесінің, спорт залының, асхананың және жаңа модификацияланған пән кабинетінің болуы қадағаланған. Мониторинг қорытындысы білім басқармасына жолданып, тиісті ұсыныс берілген.

Қала мектептерінің жаңа оқу жылына дайындығының талапқа сай екендігін бізге қалалық білім бөлімінің басшысы Ерлан Теңізбайұлы мәлімдеді.

– Қалалық білім бөліміне қарасты 56 жалпы білім беретін мектептерде 2022-2023 оқу жылында 68268 оқушы білім алды. 2023 жылы қала бойынша мектепті бітіруші 2826 оқушының 2672-і ҰБТ-ға қатысты. Мемлекеттік грант конкурсына қатысқан 2276 оқушының 1621-і мемлекеттік грант иегері атанды. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша 159 оқушы «Алтын белгі», 285 бітіруші «Үздік аттестат» иегері атанды. ҰБТ-да қала бойынша ең жоғарғы 134 балды Жақыпбек Махамбетов атындағы №43 орта мектеп түлегі Аман Жансая, 133 балды Көмекбай Қаракөзов атындағы №235 орта мектеп түлегі Төлеген Нұрдаулет жинады, – деді бөлім басшысы.

Барлық білім беру ұйымдары қажетті санитарлық-гигиеналық затпен қамтамасыз етілді. Оқулық және оқу-әдістемелік құралына жергілікті бюджеттен 1,2 млрд теңге бөлініп, 412029 дана оқулық алынды. Бұған қоса, 25 тамызға дейін тасымалдау-тарату жұмысы толық аяқталады. Мектептер толықтай интернет желісімен қамтамасыз етілді. Осы жылдың қаңтар айынан 1-4 сыныпта оқитын 70173 және әлеуметтік осал отбасынан шыққан 5-11 сыныптағы 16777 оқушы ыстық тамақпен қамтылды

Айта кетейік, 2023-2024 оқу жылында 1-сыныпқа бүгінгі күнге дейін 7429 бала қабылданып отыр, оның ішінде электронды түрде 6567 өтінішпен, қағаз жүзінде 1095 өтінішпен қабылданған. Өткен оқу жылында үш ауысымдық мектеп деп танылған №3, Абай, 101, 264 мектеп жанынан қосымша құрылыс жұмысы жүргізілуде. Әли Мүсілімов атындағы №101 мектеп жанындағы қосымша құрылыс жұмысы аяқталып, пайдалануға берілмек. Қалған 3 мектептегі қосымша құрылыс жұмысы қыркүйек айына дейін аяқталып, пайдалануға беріледі деген болжам бар.

Осылайша қаладағы мектептер жаңа оқу жылына сақадай сай. Бүгінде мектеп табалдырығын аттайтын өрендердің тізімі жасалып, әлеуметтік аз қамтылған отбасылар анықталуда. Оларға арнайы көмек беріліп, балғындардың білім алуына барлық жағдай жасалмақ.

Биылғы жағымды жаңалық – әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларының қаржылай қолдауға ие болуы. Нарықтағы баға асқақтап тұрған кезде бұл қаражат оқушылардың қажетін өтеуге көмектеседі деп ойлаймыз.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Басы 1-бетте

Білім сапасына көңіл тола ма?

Сонымен қатар білім беру қызметінің сапасына қанағаттанбау деңгейі төмендеді. Мектепке дейінгі білім беру сапасына көңілі толмайтындардың үлесі 1,8%-дан 1,4%-ға, орта жалпы білім беруде – 1,9%-дан 1,7%-ға, орта-арнайы білім беруде –1,8%-дан 1,7%-ға, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде – 2%-дан 1,8%-ға төмендеді.

Сонымен қатар бір жыл ішінде білім беру қызметінің қолжетімділігіне қанағаттану деңгейі, керісінше, төмендеді. Атап айтқанда, мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің қолжетімділігіне қанағаттанатын респонденттердің үлесі 51,8%-дан 50,7%-ға, орта жалпы білім беруде – 59,8%-дан 59,7%-ға төмендеді. Бұл ретте орта-арнайы білім беру қызметтерінің қолжетімділігіне қанағаттанғандардың үлесі 47,2%-дан 47,8%-ға, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгіде – 40,5%-дан 41,9%-ға өсті.

Білім беру қызметінің қолжетімділігіне қанағаттанбау деңгейі де төмендеген. Мектепке дейінгі білім беру қызметтеріне көңілі толмайтындардың үлесі 2,4%-дан 2,3%-ға, орта білім беруде – 1%-дан 0,7%-ға, орта-арнайы білім беруде – 1,3%-дан 1,1%-ға, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде – 2,8%-дан 2,1%-ға төмендеді.

Респонденттердің пікірі олардың әл-ауқат деңгейіне байланысты таңғаларлық әртүрлі болды. Білім беру саласындағы қызмет көрсету сапасына қанағаттанбағандардың аз қамтылғандар арасындағы үлесі 24,7%-дан (орта жалпы) 28,2%-ға (орта-арнайы және мектепке дейінгі) дейін өзгерді. Өздерін орта тап деп таныстырған респонденттердің арасында қанағаттанбағандардың үлесі 1,5%-дан 1,8%-ға дейін болды. Жоғары деңгейде қамтамасыз етілгендер арасында білім саласындағы қызмет көрсету сапасына көңілі толмайтындар болмаған.

Басы 1-бетте

«Ақмешіт-ақпарат»

СЕССИЯ

Өткен аптада қалалық мәслихаттың кезектен тыс VII сессиясы өтті. Жиынға қалалық мәслихат төрағасы И.Құттықожаев төрағалық етті. Сессияға қала әкімінің орынбасары Ғ.Еркебай қалалық дербес бөлім мен мекеме басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты. Сессияның күн тәртібінде «2023-2025 жылдарға арналған кент және ауылдық округ бюджеттері Қызылорда қалалық мәслихатының 2022 жылғы 28 желтоқсандағы шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» мәселе қаралып, талқыланды. Күн тәртібіндегі мәселеге орай, қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова хабарлама жасады.

АУЫЛДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАППАҚ

Бөлім басшысының айтуынша, кент және ауылдық округ бюджеттеріне республикалық, облыстық және қалалық бюджеттерден барлығы 410 054,9 мың теңге ағымдағы нысаналы даму трансферті бөлінген. Кент және ауылдық округ бюджетінің кіріс көзін арттыру есебінен 41 927,8 мың теңге пайдаланылмаған және үнемделген қаржы есебінен 33291,5 мың теңге, Белкөл кенті әкімі бюджетінің 801201 «Есепті кезеңнің соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары» кодына қалдырылған 3604, 7 мың теңге бос қалдық сомасы барлығы 78 824 мың теңге қаржы кент және ауылдық округ қажетіне жұмсалған. Тасбөгет кенті әкімі аппаратының ғимаратын ағымдағы жөндеуге, Қызылжарма ауылдық округіндегі дене шынықтыру сауықтыру кешенінің жер учаскесін әзірлеуге, Ақсуат ауылдық округіндегі жас маман үйін орташа жөндеуге, ауылішілік ескі канал құжатын заңдастыруға, Талсуат ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік қызметшілерінің «А» санатына өтуіне Қызылөзек ауылдық округіндегі демалыс аллеясының жер учаскесін заңдастыруға және өзге де ең өзекті мәселелердің шешілуіне жұмсалған.

Бюджет жобасына енген Ақсуат ауылдық округіне қарасты Ж.Махамбетов ауылындағы Х.Манабаев, Орманбаев, Қ.Иманбердиев, М.Тоқтамысов, О.Жакенов көшелеріне асфальт төсеуге, А.Найзақараев, П.Тілепбаев, Б.Жүсіпбеков, Канал-2 көшесін қайта жаңғыртуға, көшеге аялдама салып, жарық бағанын орнату үшін жоба сметалық құжатын әзірлеуге қаржы бөлінген. Сонымен қатар Тасбөгет кентіндегі Әбенов, Әбдібаев, Ертуғанов көшелеріне жарық бағанын орнатуға, абаттандыруға, Белкөл кентіндегі Сарыарқа, Зеленая, Әбуов, Есмаханов көшелерін түнгі жарықтандыруға, Бірлік, Айкөпешова, Әбдіқадыров, №3 көшелерге жаяу жүргінші жолын салуға, кентке кіре беріс қақпаны жарық шаммен безендіруге, орталық көшеге күрделі жөндеу жүргізу үшін жобалық сметалық құжаттамасы мен сараптама қорытындысын әзірлеуге қаржы қаралған.

– Бұған қоса, Қызылжарма ауылдық округіндегі Сексенбаев, Батырбаев, Досқожин көшелерінің күрделі жөндеу жұмысына, балалар ойын алаңын салуға, Қосшыңырау ауылдық округінің Досан ауылына жаттығу алаңын салуға, Қызылөзек ауылдық округіндегі Д.Сариев және Ж.Жабаев көшелерін күрделі жөндеу жоба сметалық құжаттамасына, Ақжарма ауылдық округіндегі Баймұрат батыр ауылына жол белгілерін орнатуға қаржы бөлінді, – деді бөлім басшысы. Жиында баяндамашыға депутаттар тарапынан бірнеше сұрақ қойылды. Атап айтқанда, ауылдық елді мекендердегі үлкен сыйымдылықтағы қоғамдық көліктер жүретін жолдарды, Талсуат ауылдық округіндегі орта мектепті, Тасбөгет кентіндегі №257 орта мектепті жөндеу жайы айтылды. Ауылдық елді мекендердің салық түсімін арттыру бағытында жұмыс жасау туралы ұсыныс айтылды. Сессия барысында қойылған сауалдарға нақты жауап берілді.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

«Amanat»: партия – халық мәселесінің түйінін тарқатушы

Жуырда «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйлә Бегалықызы Төрешова, партияның қалалық филиалының төрағасы Ибадулла Құттықожаев және партияның қалалық филиалының атқарушы хатшысы Гүлшат Мұсаеваның қатысуымен «AMANAT» партиясының Қызылорда қалалық филиалында кезекті XXXIII есеп беру-сайлау конференциясы өтті.

Жиынға қалалық партия филиалының саяси кеңесі мен саяси кеңес бюросы мүшелері, «Теміржол», «Тұран» және қалалық партия филиалдары бастауыш партия ұйымдарының төрағалары мен белсенділері, қалалық мәслихаттағы «AMANAT» партиясының фракция жетекшісі мен мүшелері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, жастар өкілдері және бастауыш партия ұйымынан сайланған делегаттар қатысты.

Конференцияда партияның қалалық филиалының 2021-2022 жылдары атқарылған жұмыстар барысы турасында партия филиалының төрағасы Ибадулла Құттықожаев баяндама жасады. Жиын барысында партияның қалалық филиалының депутаттық фракциясының, қоғамдық қабылдау бөлмесі және де партиялық бақылау комиссиясының атқарған жұмыстары баяндалды.

Сонымен қатар «Ардагерлерді ардақтайық», «Ұлттық мұра», «Ауыл аманаты», «Жер аманаты», «Жастар отанға», «TazaLike», «Халыққа көмек» партиялық жобалары аясында партияның қалалық филиалы мен бастауыш партия ұйымдарының бірлесе өткізген жұмыстары сараланды. Басқосуда партияның қалалық филиалының саяси кеңесі мен саяси кеңес бюросының жаңа мүшелері мақұлданып, партияның облыстық филиалының кезекті XXXII конференциясына делегаттар сайланды.

Кезекті конференция барысында «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйлә Төрешова:

– Бүгін біз партия филиалының 2021-2022 жылдары атқарған жұмыстарын тыңдап, алдағы міндеттерді талқыладық. Өздеріңізге белгілі, қазіргі таңда Президент реформаларын жүзеге асыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп, еліміз өзгерістер жолына түсті. «AMANAT» партиясы мемлекет басшысының қоғамдық тірегі ретінде реформалардың басты мақсаты – азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға жүйелі жұмыстар жүргізуде. Партиямыз өз жұмысында көптеген мәселелердің түйінін тарқатып келеді. Бұл біздің бірлесе атқарған жұмыстарымыздың нәтижесі. Қолдау көрсеткендеріңіз үшін, алғысымды білдіре отырып, алдағы уақытта да жұмыла жұмыс жасауға шақырамын, – деді.

Өткен жылы атқарылған жұмыстарды баяндаған партияның қалалық филиалының төрағасы И.Құттықожаев: Ел болашағын айқындайтын ауқымды саяси реформалар партияның әрбір мүшесінен белсенділікті талап етеді. Алдағы міндеттерді орындауда біз өзіміздің бірлігімізді, халықтық мәселелерді шешуде мықтылығымызды көрсетуіміз қажет.

Партия жұмысының негізгі қозғаушы күші – бастауыш партия ұйымдары. Қаладағы 37 бастауыш ұйымдар қызметіне толық талдау жүргізіліп, 2022 жылы 3, ал 2023 жылы 9 бастауыш партия ұйымы жетекшілері қайта сайланды. Қазіргі саяси сахнада бәсекелестіктің артып отырғанын ескерсек, партияның белсенді мүшелерін топтастырып, бастауыш партия ұйымдары жұмысын жетілдірудің маңызы арта түседі. Мұнан бөлек, біз партия мүшелерінің сапалық құрамына да баса назар аударып, олардың қатарында түрлі сала өкілдері мен жастардың болуына, жалпы бастауыш ұйымдарды күшейтуге ерекше ден қоюымыз қажет, – деді филиал төрағасы.

Жиында партия филиалының атқарған жұмыстары мен алдағы мақсат-міндеті айқындалып, партия белсенділерінің ұсыныс-пікірі тыңдалып, партия қатарына қосылған мүшелерге партиялық билет табысталды.

«Ақмешіт-ақпарат»

ЗАҢСЫЗ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН ЖАРНАМАЛАР АЛЫНАДЫ

Соңғы кездері жеке немесе заңды тұлғалар, оның ішінде жеке кәсіпкерлер сыртқы жарнама ілудің заңдылықтарына қарамастан өз қалауларынша жарнамаларды іліп, жұмыс істеуде. Олар жарнама конструкциясының тазалығына, эстетикалық және техникалық жай-күйіне мән бермегеннен бөлек, мемлекеттік кірістер департаментіне салық төлеуден жалтарады. Сонымен қатар заңмен тиым салынған жарнамаларды (алкогольдік, темекі-табақ өнімдерін,) орналастырады.

Осы мәселелерге орай, қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі мен мемлекеттік кірістер департаментінің қызметкерлері бірлесе қала көлемінде заңсыз орналастырылған және шаһардың сәулеттік келбетіне кері әсерін тигізетін сыртқы көрнекі жарнамаларға мониторинг жүргізді. Нәтижесінде бірқатар кемшіліктер анықталып, жарнама иелеріне заңға сәйкес тиісті шаралар көрілді.

Бұл ретте, жауапты бөлімге сыртқы көрнекі жарнама нысандарын орналастыруға хабарлама немесе өтініш берілмеген жағдайда, ілінген жарнама рұқсатсыз, яғни заңсыз, өз бетінше ілінген жарнама болып саналады. Бұл бағыттағы рейдтік жұмыстар күнделікті жүргізіледі.

«Ақмешіт-ақпарат»

ЖҮЙРІКТЕР СЫНҒА ТҮСКЕН СӘТ

Спорт күніне орай қалалық ипподромда еңбек ардагері Жәнібек Әбдіәлікұлының құрметіне республикалық деңгейде ат бәйгесі өтті.

Бәйгені облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов ашып, ұлттық спорттың дамып жатқанын жеткізді.

– Ат спортын, жалпы ұлттық спорт түрлерін дамыту бойынша облысымызда үлкен жұмыстар жүргізілуде. Бұқаралық спортпен жүйелі түрде айналысатын халықтың саны 38 пайызға жетіп отыр. Бұл – республика бойынша жоғары көрсеткіш. Былтыр өңірде 5 спорт нысаны ел игілігіне берілсе, биыл 7 спорт нысаны беріледі. Еңбек ардагерлерін, танымал тұлғаларды еске алуға арналған түрлі облыстық, республикалық жарыстарды ұйымдастыру жастарды спортқа баулудың бір түрі болып есептеледі. Жәнібек ағамыз шын мәнінде еңбек адамы. Ешқандай мансап қумаған, маңдай терімен еңбек етіп, көпке үлгі болған. Асыл анамыз екеуі 10 бала өсіріп, тәрбиелеген. Қазір өсіп-өнген балалары сан салада қызмет атқарып, әке көрсеткен жолмен ізгілікке ұмтылып келеді. Ал бүгінгі республикалық бәйгеге Маңғыстау, Шымкент, Алматы, Жамбыл, Ақтөбе және басқа да өңірлерден атсейістер, шабандоздар келіп, тұлпарларын бәйгеге қосып отыр. Біз барлығына сәттілік тілейміз. Жылқы мінезді қазақпыз, құлағанға жалын төсеген жылқы барда қазақ бар, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Шарада ақсақал Ахмет Бөдешұлы батасын беріп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Жәнібек ағамыз қарапайым еңбек адамы болған. 40 жыл автокөлік жүргізушісі, су тасушы болып еңбек етті. Осы қызметімен мал шаруашылығының дамуына үлес қосты. Өлмейтұғын артына із қалдырды. Ұл-қыздарының барлығы жақсы азамат болып, жоғарғы білім алды. Елге елеулі, халқына қалаулы болып, қызмет атқарып жатыр. Мұқағали ақын «Өкінбе әке, отың бар сөнбейтұғын, ол жанады мәңгілік, көрмей тыным, ұрпағың бар елменен ер намысын, тірі тұрса, қолынан бермейтұғын» деп жырлаған. Мінекей, сондай ұрпақты тәрбиелеген асыл азамат, – деді Ахмет Бөдешұлы.

Еңбек ардагері Жәнібек Әбдіәлікұлының баласы Сайранбек Әбдірасуловтың пікірінше, қазақ халқы ежелден барлық мерекелерде жарыс ұйымдастырған. Елімізде ұлттық спорт түрлері тез танымал болып, қызығушылық оянуда. «Әкеміз көзі тірі болса, биыл тоқсанға толар еді. Сондықтан осы айтулы жылда ас беріп, осылай еске алуды жөн көрдік», – дейді ол.

Жүйріктер жарысы үш бөлімге бөлінді: Тай бәйге, Құнан бәйге, Аламан бәйге. Ұтысқа 2 автокөлік, 1 мотоцикл тігілді, оған қоса ақшалай сыйлықтар да бар. Тай бәйгеде шабандоздар 6 шақырым қашықтықта жарысып, алғашқы келген 4 тайға жүлделі орындар берілді. 2,3,4-орын иелері ақшалай сыйлық алса, 1-орынға мотоцикл берілді. Тай бәйге бойынша 1-орын Жамбыл облысынан Нұржігіт Камилға (аттың лақап аты Аңыз) бұйырса, 2-орынды қызылордалық Әлихан Бөрібаев (Ураган) иеленді.

3-орын Алматы облысы, Жамбыл ауданынан келген Әлібек Нұрғазыұлына (Бұлақ) бұйырса, 4-орынды ақтөбелік Нұрқат Әдебит (Мереке) еншіледі.

Құнан бәйгеге ақшалай сыйлықтармен қоса «Лада Гранта» автокөлігі 1-орын иегеріне табысталды. Бәйге 12 шақырымнан тұрды.

Құнандар сайысында 1-орынды Алматы облысынан келген Абзал Тұрмыс (Мамлюк) иеленсе, 2-орын Алматы облысынан Бекзат Ділдаханға (Маржан), 3-орын Шиелі ауданынан Ералы Асуға (Мархаба), 4-орын Ақтөбе облысынан Мирас Жұмалыға (Сұңқар) бұйырды.

Ат жарыстың Аламан бәйгесінің бас жүлдесі «Нива» автокөлігі болды. 24 шақырымға созылған бәйгеде 36 тұлпар сап түзеді. Бәйге жүлдегерлері түйе, жылқы, өгіз сынды ірі қара жеңіп алып жатты.

Аламан бәйге бойынша 1-орын Қызылорда қаласы Думан Қалиға (Аккөз), 2-орын Жамбыл облысынан Лесбек Молдасханға (Талисман), 3-орын Қызылорда қаласынан Арнұр Саматұлына (Самал) бұйырды.

М.МӘКЕН

СЫР БАЛУАНДАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

Қазақ күресі ұлтымыздың өмір тарихымен тығыз байланысты. Қазақы нақыштағы әрбір ас, тойлар балуандардың күш сынасуымен жалғасып жататыны соның дәлелі. Онымен қоса ат жарысы, ақындар айтысы да халық делебесін қоздырып, ел мен ер мерейін үстем етіп жатады.

Бүгінде қазақ күресінде Сыр балуандарының орны ерекше екенін ашық айтуға болады. Олай дейтініміз талай дүбірлі додаларда Сыр спортшылары сыр бермей, ұлтымыздың ұлылығын паш етті емес пе. Сонымен, біз бүгін қазақ күресіндегі Сыр балуандары жайында қалам тербемекпіз.

Әлқисса...

Қазақ күресін бүгінде әлемнің көптеген елдері танып білді. Қазақ күресінен өткізілетін жарыстар республикалық дәрежеден асып, Азия және Әлем біріншіліктері деңгейінде өткізіле бастады. «Қазақстан барысы», «Евразия барысы», «Әлем барысы» турнирлері қазақ күресінің орнын айшықтап берді. Әр аймақта спорт үйірмелері ашылып, онда қазақ күресіне басымдық беріп, көптеген жас жеткіншектер тәрбиелеп шығаруда. 2011 жылдан бастап ел Президенті жүлдесі үшін «Қазақстан барысы» республикалық турнир өткізіліп келеді. Бұл турнирдің жеңімпаздары мен жүлдегерлері және бапкерлеріне қомақты жүлде тағайындалады. Бұл турнирді әлемнің көптеген телеарнасы тікелей эфирде көрсетті.

Қызылордалық «Қазақстан барыстары» кімдер?

Міне, осы алғаш өткізілген «Қазақстан барысы» республикалық турнирінде қызылордалық Ұлан Рысқұл жеңімпаз атанғанын ел әлі ұмыта қойған жоқ. Араға алты жыл салып, 2017 жылы тағы бір Сыр толағайы Еламан Ерғалиев Сыр спорты мектебінің мықтылығын паш етті. 2022 жылы Мақсат Исағабылов «Қазақстан барысы» турнирінде атой салып, барлық қарсыластарын жеңіп, жерлестерін жеңісімен қуантты.

Күш атасын танымас...

Қазақ күресі – қазақ халқының ерте кезден қалыптасқан спорт түріне жатады. Басқа халықтардың ұлттық күрес түрлерімен салыстырғанда қазақша күрестің ерекшеліктері көп.

Қазақша күресте иықтан асыра лақтыру, өзі құлап бара жатып, қарсыласын астына түсіру, қарсыласын жамбасқа салып жығу, іштен шалып жығу, сырттан шалып жығу әдіс-тәсілдер қолданылады. Сондай-ақ күреске түскен балуан белдесу барысында үлкен-кішілігіне қарамай, қай күші басымы жеңіске жеткен. «Күш атасын танымайды» деген халық нақылы осындайда айтылса керек-ті.

– Спорттың өзі жеңіс пен жеңілістен тұрмай ма?! Бірде бағың шапқанмен бірде бабың болмай қалады. Кейде ойламаған жерден сәтсіздікке жол бересің. Иә, алғашқы жылы жұлдызым оңынан туды. Келесі жылы жүлдеге іліге алмадым. Одан кейінгі жылы жарақатыма байланысты қатыспадым. Одан кейінгі жарыстарда бір жылы Ержан Шынкеевке жол берсем, бір жылы Бейбіт Ыстыбаевтан жеңілдім. «Қазақстан барысына» осал балуан келеді деп ойламаймын. Бір облыстан іріктелген ең мықты екі балуан келеді. Олар да өзіміз сияқты «жеңсем» деген мақсатпен, жігермен келеді. Бұл қазақ күресінің жоғары қарқынмен дамып келе жатқанын білдіреді,– дейді тұңғыш «Қазақстан барысы» иегері Ұлан Рысқұл өз сөзінде.

Иә, қазақ күресі ердің намысы, елдің абыройы сынға түсетін сындарлы шақ. Бүгінде бұл спорт түрінен сырбойылық балуандардың жұлдызы жанып тұр. Бұл – күрес пен өнер біздің өңірдің брендіне айналғанының көрінісі. Қазақ барда қазақ күресінің бәсі биік бола бермек. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні осыған саяды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

«Шнобель» сыйлығының сыры

Талант пен дарынсыздықтың аражігін аңғару, баға беру тым күрделі. Нашар шығармаға төмен пікір білдіру кім-кімге болмасын ыңғайсыз-ақ. Сонда әділдікті қалай орнатпақ керек? Бұның шешімі өткен ғасырдың соңында жүзеге асты. Әлем ғажайып шығарма мен идеяға «Нобель» сыйлығын берсе, сүреңсіз де қажетсіз өнертабысқа «Шнобель» марапатын табыстауға шешім шығарған. Оған қоса мұны зілсіз орындау әрі әзілмен астастыру үшін түрлі номинация да қосылған еді.

Аталған марапаттың не үшін, кімге берілгенін аңғарсақ, еріксіз жымиясыз. Мәселен, жуырда өнертапқыштар жануарларды арнайы дыбыс көмегімен қолға үйрету технологиясын ойлап тапқаны үшін лауреат деп танылған. Ал нидерланды және түрік ғалымдары әлемдегі ең лас ақшаны анықтағаны үшін сыйлық алыпты. Сәбилердің жаялығын ауыстыруға қабілетті машина ойлап тапқан ирандық өнертапқыш та байқау марапатын иеленген. Ал италиялық Сильвано Галлус болса, медицина саласы бойынша қара үзіп шыққан. Оның тапқан жаңалығы – пицца жеу адам ағзасындағы біраз аурумен күресуге мүмкіндік береді деген. Қызығы, пицца міндетті түрде Италияда дайындалған болуы керек деген тұжырым шығарыпты.

«Шнобель» сыйлығы жапондардан да артылмады. Жапондық ғалым бес жасар баладан күн сайын орта есеппен жарты литр сілекей бөлінетінін есептеп, химия саласы бойынша үздік деп танылған. Байқау мінберінде Сингапур, Қытай, Австралия, Польша, АҚШ, Болгария елінің ғалымдары үнемі бой көрсетеді.

Қалжыңға құрылған бұл сыйлықты ғылыми-юморлық AIR журналы 1991 жылдан бері табыстап келді. Жарғыда жазылғандай лауреат атанған өнертабыстар адамды алдымен күлдіріп, сосын ойлантуы тиіс. Аталған журналдың редакторы Марк Абрахамстың айтуынша, сыйлық тағайындаудың түпкі мәні – ғылымды тіпті де қылжақтау емес. Әлем үшін, ғылым үшін маңызды, пайдалы жаңалықтар әркез салмақты мазмұнда болуы шарт емес екенін жеткізу болыпты. Әзірге «Шнобель» мен «Нобельді» қатар алған әлемде бір ғана адам бар, ол – Андрей Гейм. Ол 2000 жылы ұшатын бақаларға арналған магниттерді пайдалану жаңалығы бойынша «Шнобель» сыйлығын алса, арада тура 10 жыл өткенде физика саласында «Нобель» сыйлығын иемденді.

Бұл сыйлық жыл сайын 13 қыркүйекте табысталады. Ал лауреаттарды шынайы Нобель сыйлығының иегерлері марапаттайды. Бір қызығы – олар бұл салтанатты кешке әртүрлі күлкілі образда киініп келіп, шағын театрландырылған қойылымға қатысуға міндетті. Шнобель сыйлығының лауреаттары лауреат атанғаны үшін бір тиын сыйақы алмайды. Мәселен, британиялық ғалым Крис Макманус ежелгі ескерткіштерде құлақтың қаншалықты дәлме-дәл симметриялы түрде салынғанын зерттеген. Осыны анықтау үшін ол Ренессанс дәуіріндегі 107 италиялық ескерткішті адақтап шығыпты.

Ғалымдар да мұндай үрдісті жеңіл әзілмен қабылдауға дағдыланған. Әр жылы «Нобель» сыйлығының иегерлері көздеріне құбылмалы көзілдірік, мұрындарына жапсырма, бастарына тақия сияқты елден ерекшелеп тұратын әлдебір белгі жапсырып, «Шнобель» сыйлығын табыстау үшін Гарвард университетіне келеді. Шара өтетін 1166 орны бар Сандерсен театрында қағаздан жасалған ұшақтар ұшып жүреді. Лауреаттар әрқайсысы 60 секундтан сөз сөйлеп, артық сөйлегендерді арнайы тағайындалған қыз бала «ішім пысып кетті, осы жерден тоқтаңызшы!» әзілмен тежейді. Бұл – бұрыннан бар үрдіс, дәстүрлі әдет.

Р.МАҚСҰТ

ИШУГУРО КЕРЕМЕТІ

Жапондардың адамзат ақыл-ой өрісіне қосқан үлесі көпақ. Әйтсе де ол өнеркәсіптік ауқым не брендтік үлеспен емес, интеллектуалды өнім, робот саласымен бағаланады. Сондықтан болар, жапонның ерекше роботтарын зерделеу, олардың таным деңгейін саралау әлем назарынан тыс қалған емес. Сондықтан, бүгінгі сөз «Күншығыс елінің» робот саласына арналмақ.

2009 жылы Жапонияның Осака қаласындағы университеттің профессоры әрі робот конструкторы Хироши Ишигуро ерекше жаңалық ойлап тапты. Ол өзінің сыңар-роботымен ғалымдардың таңданысын тудырып, саладағы тағы бір қадамның жасалғанын аңғартты. Қызығы сол, андроид бүкіл келбетімен авторы, яғни құрастырушысынан айнымайды. Оған қоса адамға тән эмоциялық әрекеттерді қайталап, бет-әлпеттегі өзгеріске дейін айнытпай салуға қауқарлы. Мұндай теңдессіз жаңалықты ғалым кең таратуға күш салып, халықаралық жиындарда роботын ертіп жүрді. Лекция оқыған шақта да робот егесінің сөзі мен ісін қайталап отыратын.

Сол тұста робот әлеміндегі жаңалық осымен түгесілетіндей көрінген еді. Алайда тұрақтылықты ұнатпайтын Ишугуро 2010 жылы егізінің дамыған түрі Geminoid F-ты құрастырды. Ғылымды шоу элементімен де дамытуға болатынын түсінген ол Осака қаласында Geminoid F-ты таныстырар шақта прототипімен бірдей киініп шыққан. Эмоциялық

диапазон да ұлғайыпты. Жаңа робот жұрт секілді күліп, ренжіп, ишара да көрсетуге мүмкіндік алған.

Расында, Kokoro компаниясымен бірге жұмыс атқарған Ишугуроның бұл жұмысы алдыңғы клонынан да керемет, шынайы болды. Бұл модельде 12 сервомотор қолданылса, алдыңғысында 50 сервомотор қолданылған. Алдыңғы модельде қосымша қорапша болса, Geminoid F барлық техникасы ішіне енгізілген кейпімен таңғалдырады. Яғни Geminoid F-ты кеңсеңіздің алдына ұялмай қойып, келген қонақтарды күліп қарсы алуын әмір ете аласыз. Ол өзіне қойылған міндетті толық атқарып, сынақтан сүрінбей өткен. Кезекті сынақта дәрігерге келген наукастарды күліп қарсы алған бейнесі БАҚ-та тарағанын жақсы білеміз.

Тіпті кез келген салада қарапайым қызметкер міндетін мүлтіксіз орындайтын құлтемірдің құны бір-ақ сәтте өсті. Робот



құрастырушы компания қара шашты сұлу робот ханымды он миллион иенге – шамамен 110 000 долларға жасап бере алатынын жеткізген еді. Көп өтпей, сұраныс та пайда болды. Даниядағы Ольборг университетінің профессоры Хенрик Шарф сыңары Geminoid DK атты роботты жасатуға 200 000 төлеген еді. Ғалым өзіне ұқсайтын роботқа маңызды конференцияларда лекция оқытпақ ниеті болған.

Үш робот та компьютерлік әдіспен өзінің егіз адамының іс-әрекетін қайталайды. Хироши Ишугуроның пайымынша, андроидтармен сөйлесу, оларға тапсырма беру – өз-өзінді тануға таптырмас қадам. Сондықтан мұндай қымбат та құнды құлтемірді иемдену жаңа хоббиді табуға, фантастикалық кинодағыдай өмір стилін татуға бірден-бір әдіс екені сөзі.

Жалпы, роботтың негізгі қызметі адам жұмысын жеңілдету деп ұғатынымыз рас. Болашақта ауыр да қауіпті жұмыстың денін жасанды интеллект жүктелген роботтар жасайды деген болжам да бар. Хироши Ишигуроның робот құрастыру бағытындағы жетістігі осы арманды жақындатып, жаңа деңгейге шығуға септесері анық. Тек жаңа өнертабысты ізгі мақсатта жұмсау ісі ғана өзекті болмақ.

Е.ЯКУДАЕВ

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

ОЙЫНШЫҚТЫ ДА ОЙЛАНЫП АЛЫҢЫЗ

Кез келген ата-ана баласына ойыншық алады. Себебі бала ойынмен өседі, ақыл-ойын ойынмен дамытады. Сондықтан ойыншықтың түр-түрін алып жатамыз. Тіпті кейбір үйлерде балалар бөлмесінің іші ойыншыққа толып тұрады. Кірсең шыққысыз етіп жасап қойғаны соншалық, отыра қалып өзіңнің де ойнағың келеді. Бірақ сол ойыншықтарды аларда сапасына қаншалықты мән беріп жатырмыз?

Ойыншық таңдағанда неге мән берген дұрыс?

Мамандар ойыншықтың сапасына барынша мән беру керек дейді. Әсіресе, оның түсіне, исіне, баланың жас ерекшелігіне назар аударған жөн. Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова бала ойнайтын ойыншықтың өзі арнайы техникалық регламентке сәйкес келуі керек деген пікірді алға тартады. Оның айтуынша, кеден одағының №008/2011 «Ойыншық өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінде ойыншықтар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар көрсетілген. Ойыншықтарды қолдану кезіндегі тәуекел балалардың жас айырмашылықтарына байланысты болуы керек. Үш жасқа дейінгі балаларға арналған ойыншықтарға табиғи тері, шыны, фарфор, түкті резеңке, өлшемі ылғалды ортада 5% аса ұлғаятын сылдырмаққа ұқсас ойыншық толтырмаларын қолдануға жол берілмейді. Сонымен қатар ойыншықтарды бұрын қолданыста болған материалдарды қайта өңдей отырып, қайталама шикізатты пайдалануға жол берілмейді. Ойыншықтар дайындалатын материалдар таза (ластанбаған), инфекцияланбаған болуы және техникалық регламент талаптарында көрсетілген стандартқа сәйкес болуға тиіс.

– Ойыншықтардың қорғаныш-сәндік жабыны ылғалды өңдеуге, тер мен сілекейге төзімді болуы қажет. Ойыншық және оның құрамдас бөліктері, бекіту бөлшектері механикалық жүктемелерді көтеруге тиіс. Оларды мақсаты бойынша пайдалану кезінде үгітілмеуі және өзінің тұтыну қасиеттерін сақтауы керек, – дейді маман.

Шынтуайтына келгенде, ойыншық балаға зиян болмауы қажет. Олардың қолжетімді жиектері, ұштары, қатты бөлшектері, серіппелері, бекітуші бөлшектері, саңылаулары, бұрыштары, шығыңқы жерлері, баулары, арқандары, қозғалатын құрамдас бөліктері баланың ойнауына, ұстауына ыңғайлы болғаны дұрыс. Олай болмаған жағдайда балалардың жарақат алуы әбден мүмкін.

– Үш жасқа дейінгі балаларға арналған ойыншықтардың алмалы-салмалы бөлшектерінің, сондай-ақ ойыншықтарға тікелей бекітілген бөлшектерінің өлшемдері балалардың жоғарғы тыныс алу жолдары түсіп және олардың тұншығуын болдырмайтындай етіп жасалуы керек. Жұмсақ ойыншықтарда қатты немесе өткір бөгде заттардың болуына жол берілмейді, жұмсақ ойыншықтардың жіктер мен тігістері берік болуы тиіс. Электр энергиясы көзімен жанасатын немесе жанасуы мүмкін ойыншықтардың бөлшектері, сондай-ақ кабельдер, сымдар электр тоғымен зақымдануды болдырмау мақсатында механикалық қорғалған және оқшауланған болуы керек, – дейді Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары.

Бағасына мән бересіз бе, сапасына мән бересіз бе?

Несін жасырамыз, кейбір кісілер қаржының тапшылығынан арзан ойыншық алса, енді біреулері ақшаның бетіне қарамай қымбатына ұрынып жатады. Арзан болса да, қымбат болса да сапасына ден қоятындар табылады. Біз өз кезегінде тұрғындарды әңгімеге тартқан едік.

– Негізі балаларыма қымбат, жақсы ойыншықтар әпергенді жақсы көремін. Үйдегі ойыншығының бәрі тек қымбат бағаға алынған. Қымбат ойыншықтың сапасы да жақсы болады ғой, – дейді Сәбира Тұрсынбайқызы есімді тұрғын.

Кәмшат Сұлтанова есімді қала тұрғыны бағасына да, сапасына да мән беретінін жеткізді.

– Арзаны жақсы бола ма, қымбаты жақсы бола ма, оны айыру қиын. Ең бастысы, сапаға, ойыншық өндірушіге, ойыншық қорабының сыртындағы ақпаратқа мән берген дұрыс деп есептеймін. Өзімнің 4 балам бар. Қайсысына ойыншық алсам да алдымен сапасына көңіл аударамын, – дейді ол.

Мамандар нарыққа шығар алдында алдымен кеден одағы техникалық регламентінің қауіпсіздік талаптарына сәйкестікті растау рәсімінен өтуі шарт дейді. Ойыншықтардың сәйкестігін растау сертификаттау түрінде жүзеге асырылады.

– Қазіргі нарықта жағымсыз иісті, шеттері тым үшкір немесе өңделмеген, ұсақ бөлшектерден тұратын ойыншықтар да кездеседі. Өкінішке қарай, мұндай ойыншықтар баланың қолына түссе өте қауіпті, өйткені қолына ұстап, ойнаған кезде жарақаттанып немесе ұсақ бөлшектерді жұтып қоюы әбден мүмкін. Әрбір тұтынушы мен ата-ана балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында ойыншықтарды сатып алған кезде олардың сәйкестігін растау сертификаттарын талап етуі керек, сондай-ақ ойыншықтардың тағайындалуы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды белгілейтін кеден одағының техникалық регламенті бар екенін ескеріп, хабардар болғаны абзал. Егер тұтынушы сатушыдан бұл талаптардың орындалуын талап етсе, ал сатушы өз кезегінде талаптарға сай өнімді әкелсе, нарықта сапасыз тауарлардың саны азаяр еді, – дейді Әлия Әбдіқайымова.

Ал біз өз кезегінде оқырманға маман кеңесіне назар аударыңыз, ойыншықты да ойланып алыңыз дегенді айтқымыз келеді. Себебі ол ойыншықпен сіздің балаңыз ойнайды.

А.БЕК

ҚАПЕР

ТЕЛЕФОН ПСИХИКАЛЫҚ БҰЗЫЛЫСҚА ЖЕТЕЛЕЙ МЕ?

Қазіргі заманды ғаламторсыз елестете алмайсыз. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген бар. «Заманына қарай адамы» деген тағы бар. Мектеп баласынан бастап зейнеткерге дейін ермек еткен әлеуметтік желі бүгінде әлем-жәлем боп барады. Қаржыға кенеліп, байып жатқандарға бәрібір. Кейбіреулер осы жерден нан тауып, өзіне керек мәселені шешіп те жатқан болар. Алайда осы парақшаға телмірсең, тиімді ақпаратты лезде алғанмен, ішінде көңілге қонымсыз өсек-аяңдар, дақпырт әңгіме, елді дүрліктіретін жалған ақпарат өріп жүр. Әлеуметтік желі әдебі дегенге пысқырып қарап жатқан ешкім жоқ. Ауыздарына не келсе соны айтады, ойына келгенін жазып, жарияға жар салып жатады. Ал біздің заманымызда басқаша тәрбие болды. «Сөздің де сұрауы бар. Бейбастақ сөйлеме» деген тыйым көріп жетілдік.

Парламент Мәжілісінің депутаты Ерлан Саиров өзінің «Facebook» парақшасында «Әлеуметтік желі Кодексі» қажет екенін айтып, мәлімдеме жасады. Оның айтуынша, қазіргі таңда желінің жоғары деңгейдегі мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығы артқан. Өйткені кейбір жағдайларда әлеуметтік желідегі жеке басқа қатысты сын-пікір адам өліміне дейін әкеп соқтыруы мүмкін.

«Менің ойымша, әлеуметтік желіде өзін-өзі ұстаудың этикасы болуы керек. Желінің жоғары деңгейдегі мәдениетін қалыптастыру өте маңызды. Оның басты аспектісі адамның жеке басына қол сұқпау, адамның ар-ожданын ардақтау. Біріншіден, сын жеке басқа мінсіз болуы керек. Екіншіден, сынның жебесі қоғамдық маңызы зор, халқымыздың рухани әлеміне қатысты терең проблемаға арналған болуы керек. Үшіншіден, үкіметтің іс-әрекетін талқылаған кезде жеке басқа тиіспеу аксиома болуы керек. Төртіншіден, әлеуметтік желі мен адамның жеке өмірі бір-біріне қатысы жоқ, араласпайтын екі әлем. Бесіншіден, әр адамда жеке өзінің рухани, мәдени, адами цензурасы болуға тиіс. Алтыншыдан, әлеуметтік желі рухани әлемі терең, мәдениеті жоғары, адамгершілік қасиеті мол адамдардың ортасы болуы керек», – дейді.

Шынында, әлеуметтік желіде де әдеп болуы керек. Қазіргі кездегі тәлім-тәрбие осы ғаламтор арқылы насихатталып жатыр. Себебі қоғамда әлеуметтік желінің салмағы басым.

Белгілі дәрігер Сапар Рахменшеев те әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны туралы маман ретінде сараптап жазған.

«Технология біздің психикалық денсаулығымызға қалай әсер етеді? Біздің айналамызды гаджет, әлеуметтік желі және инновациялық құрал қоршаған. Тіпті күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналған.

Мысалы ұялы телефонның қолданыс аясы өзінің байланыс орнату шегінен асып, өмірдің барлық саласында қолданылуда. Атап айтсақ, жақын адамдармен кезігуімізге, соңғы жаңалықты білуімізге, жаңа таныстық немесе бұрынғы танысты, достарды, жақындарды табуға, жеке өмірімізде болып жатқан жаңалықпен бөлісуге пайдасы зор. Алайда телефонды үнемі пайдалану – стресс, мазасыздық пен аурудың көзі. Атап айтсақ, телефонды үздіксіз пайдалану ұйқысыздыққа әкеліп, еске сақтау қабілетін бұзып, жүрек ауруы, қатерлі ісік сырқатына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Әлеуметтік медианың біздің психикамызға әсер ететіндігін дәлелдейтін тағы бір мысал келтірейін. Әлеуметтік желі адам өміріндегі жетістігімен бөлісуге, фотосуретін жариялауға мүмкіндік берді. Алайда өзімізді басқа адамның өмірімен, жетістігімен салыстыру, өзін-өзі бағалау құндылығын жойып, депрессия тудырады. Әлеуметтік желіде нақты ақпарат көп жарияланбайтындықтан басқамен өзіңізді салыстыру қате.

Бірақ технологияның пайдалы жағын да ұмытпайық. Кейбір қосымша мен онлайн ресурс стресс, мазасыздықты жеңуге көмектеседі. Мысалы, медитация қосымшасы релаксация мен шиеленісті жеңілдету үшін арнайы жаттығу мен кеңес ұсынады. Осы қосымша адамның психикалық күйін өздігінен басқарудың пайдалы құралы.

Технологияны қолдану емделушіге қалай пайдалы екенін тәжірибемнен байқадым. Мысалы, менің науқасымның бірі адамнан оқшауланып, әлеуметтік фобиядан зардап шекті. Біз бейнеқоңырау арқылы онлайн терапияны қолдана бастадық. Қорытындысында ол қорқынышын біртіндеп жеңіп, басқалармен қарым-қатынасы жақсарды.

Сондықтан технологияның пайдасы мен зияны қатар жүретінін, тепе-теңдікті тауып, оны қалыпты пайдалану керектігін білген маңызды. Технологияны қолдану кезінде өзін-өзі бақылау және сенімділік бізді зиянды, жағымсыз әсерден қорғайды. Технологияны үздіксіз қолданудың ағзамызға тигізер әсерін білдіңіз бе? Өз ойларыңызбен бөлісіңіз! Деніңіз сау болсын! Өзіңізге қамқорлық жасаңыз!» деп түйеді ойын.

Мамандар да, жеке адамдар да бәрімізге ортақ әлеуметтік желі кеңістігінде әдеп қағидасын сақтаса, «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп ойына келген әдепсіз дүниені жалпақ жұртқа жайып салып, қоғамдағы адамның абыройын түсірмесе дейміз. Себебі әлеуметтік желінің әлегіне түсіп жүргендер қатары көбеймесе азаяр емес. Соның бәріне нүкте қоятын уақыт келген сияқты. Ол заң аясында ғана шешімін таппақ.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

CNN CNN CNN

Brilliant Planet: Шөлге жан бітіру жолы

Әлемді оң өзгеріске жетелейтін идея үнемі назарда болу қажет. Айналаға ізгілік сеуіп, бәрі адамзаттың қолында екенін көрсету– ғылымның негізгі міндеті. Сахарадағы шөлге жан бітіріп, табиғатты түлетуге бағытталған британдық Brilliant Planet жобасының негізгі мақсаты да осыдан туындайды. Жуырда ақпараттық агенттіктерде жарияланған қымқуыт ақпар арасынан лондондық стартап көңіл аудартып, кеңінен талқылауға жетеледі.



CNN арнасының тілшісі Томас Пейдж әзірлеген бағдарламада Сахара шөлінде басталған Brilliant Planet жобасы сөз болады. Автордың мәліметінше, британдық ізденімпаздар Сахарадағы 6100 гектарды жалға алып, онда теңіз балдырын өсіруді қолға алған. Аталған бастама нәтиже берсе, өңірдің климаттық жайлылығын арттырып, шөлге көктің бітуіне жол ашылады.

«Теңіз балдыры атмосферадағы көмірқышқыл газын жұтып, оттегі бөлуде көш басында. Сондықтан мұндай стартапты Сахарада ұйымдастыру үлкен өзгеріске әкеледі. Жобаның Марокконың Ахфенир аумағында орналасуы да тез нәтижеге жетуге мүмкіндік береді деген болжам бар. Себебі бұл маң Атлант мұхиты мен Сахара шөлінің қақ ортасында. Brilliant Planet жобасының директоры Адам Тейлордың айтуынша, компания теңіз балдырын өсірудің барлық сатысын жолға қоймақ. Тұқымнан бастап 12 000 шаршы метрге жуық аралықты алатын бассейнге егу жұмысы жүреді. Жоспар бойынша бір айда 16 бассейн теңіз балдыры өсіріелетін болады», – дейді автор.

Бұл жобаның ғажабы – теңіз балдырын өсіру емес, оның оттегісін ауаға тарату. Яғни, теңіз балдырлары дайын болғанда 10 этаждық мұнараның басына жіберіледі. Мұнара үстінен теңіз балдырының оттегісін шөл далаға себеді. Аталған жоба көп қаржыны талап етпейді әрі тиімділігі зор. Себебі БҰҰ мамандары 2100 жылға қарай ғаламдық жылынуды азайту үшін атмосферадан жүздеген тонна көмірқышқыл газын кетіруге тиіспіз. Ал Brilliant Planet секілді жоба – бірден-бір ұтымды әдіс болмақ.

«Бұған дейін АҚШ аталған жобаның баламалы түрін жүзеге асырған еді. Өйткені табиғатты қорғау ағаш отырғызу сынды дәстүрлі әдіспен шектелмейді. Оған қоса оның тиімділігі де шектеулі. Тейлордың сөзінше, Brilliant Planet жобасы, яғни теңіз балдырлары арқылы оттегі бөлу бастамасы орманға қарағанда көмірқышқыл газын 30 есе көп жұтады.

«Марокко климатын жақтаушы жастар» ұйымы да теңіз балдырын пайдалану экологияны жақсартудағы жаңа әрі ерекше технология деп баға берді. Алайда бұл өндірісті шектен тыс қолданысқа енгізу жерогілікті экожүйені бұзуы ықтимал деп те күдіктенетінін жасырмады», – дейді Томас Пейдж.

Дегенмен пилоттық жоба әлі де жалғаспақ. Жоспарға сәйкес, келер жылы 200 гектарға теңіз балдырын өсіріп, фермаға 1000 гектар қосу белгіленген. Нәтижесінде 300-ге жуық жұмыс орны ашылып, жергілікті тұрғындар жұмыспен қамтылатын болады.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған

Ерсін ШАМШАДАИН

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3100 Тапсырыс №1314

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА